

**ПЛАНШЕТТЕР МЕН АКЕЛИУС
ҚОЛДАНБАСЫН ҚОЛДАНА
ОТЫРЫП, САБАҚТАРҒА
АРНАЙЫ КЕҢІСТІК БӨЛУГЕ
АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ**

МАЗМҰНЫ

2.1 ПЛАНШЕТТЕР МЕН AKELIUS ҚОЛДАНБАСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, САБАҚТАРҒА АРНАЙЫ КЕҢІСТІК БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ.....3

1. Мектепте қосымша оқу бөлмесі бар: арнайы цифрлық тіл кабинеті (идеалды және таңдаулы нұсқа).....4
2. Мектепте қосымша оқу бөлмелері жоқ: планшеттерді бір жабық сақтау орнынан сыныпқа (сыныптарға) жылжыту.....5

2.1 ПЛАНШЕТТЕР МЕН AKELIUS ҚОЛДАНБАСЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, САБАҚТАРҒА АРНАЙЫ КЕҢІСТІК БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚ

2023 жылғы 20 маусым

Проблеманы баяндау

- Көптеген елдерде, Akelius сыныптары оқушылармен толып кеткен және 40 немесе одан да көп оқушыны қабылдай алады, бұл бір мұғалімге цифрлық оқытуды тиімді енгізуді қиындатады (мүмкін болмаса). Мұндай жағдайлар (қосымша білім беру мекемелеріне қарағанда дәстүрлі оқыту шеңберінде жиі кездеседі) мектеп деңгейінде енгізу стратегияларына әсер етеді, өйткені олар тілдік сыныптарды 20-25 оқушыдан тұратын 2 топқа бөлуді, демек, қосымша немесе мамандандырылған оқу кеңістігін бөлуді талап етеді. Мұғалімдер мен оқушылардың арақатынасы цифрлық оқытуды жоспарлаудың негізгі параметрі болып табылады.
- Ескеретін тағы бір параметр – бұл планшеттер мен аксессуарларды бір жерден екінші жерге жылжыту **логистикасы**. Планшеттер мен гарнитураларды бір сыныптан екінші сыныпқа жылжыту, оларды қораптан шығару, оқушыларға тарату, оқушылардан кері алу, қайта орау және т.б. кіретін бұл логистикалық сұрақтар – бұл міндеттерді орындау тек уақытты қажет етпейді, сонымен қатар осы міндеттерді орындау үшін тиісті қызметкерлер (мұғалімдер немесе басқа мектеп қызметкерлері) қажет болуы мүмкін.
- Көптеген қатысушы елдерде Akelius-та?, мұғалімдер планшеттер мен аксессуарларды – мектепте де, сыныпта да пайдалану олардың оқыту **уақытын** алады деп шағымданады, бұл көбінесе жалпы 45 минутпен шектеледі. Сондықтан мұғалімдердің цифрлық оқыту логистикасына қатысты тежеуші факторлардан көңілі оңай қалуы және мотивациясын жоғалтуы мүмкін.

Сондықтан қатысушы елдерде Akelius-та тілдерді оқытудың **тиімділігі мен сапасы** үшін цифрлық құрылғыларды қолдануға байланысты **қиындықтарды** жоюға көмектесетін мектеп деңгейінде басқару **стратегияларын** енгізу өте маңызды. Ол үшін мектепте **қосымша немесе арнайы оқу кеңістігін** анықтаудан және пайдаланудан бастау керек.

Негізгі міндеттер және мақсатты аудитория

- Бұл Нұсқаулықта Akelius-тың көмегімен аралас оқыту ортасында қосымша/мамандандырылған оқу кеңістігін анықтау үшін мектептер ұстануға болатын әртүрлі модельдер туралы ақпарат пен кеңестер бар.

Іс-қимыл жоспары

Іс-қимыл жоспары мыналарға:

- мектептерде/оқу орталықтарында оқу үй-жайларының болуына, сондай-ақ
- Akelius қолданбасы сыныптарда қалай қолданылатынына байланысты.

Төменде мектеп деңгейінде әртүрлі модельдерді/іске асыру нұсқаларын қажет ететін екі жағдай берілген:

1. Мектепте қосымша оқу бөлмесі бар: арнайы цифрлық тіл кабинеті (идеалды және таңдаулы нұсқа).

Қосымша кеңістік болған жағдайда (мектепте/оқу орталығында қосымша/бос бөлме) арнайы цифрлық тіл кабинетін (digital language lab) құру өте **қолайлы және дұрыс нұсқа** болып табылады. Оның мынадай артықшылықтары бар:

- **Оқушылар аптасына бір немесе екі рет арнайы цифрлық тіл кабинетінде топтармен кезектесіп** отырады, орта мектеп оқушылары сияқты – кейбір жағдайларда – химиялық немесе ғылыми зертханаларда жарты сыныпта ауысады.
- Планшеттер мен оларға арналған аксессуарлар (қосылған гарнитуралар) арнайы цифрлық тілдік кабинетте, арнайы үстелдерде немесе құлыпталатын шкафтарда (жағдайға байланысты) **үнемі** болуы мүмкін.
- Планшеттер мен оларға арналған аксессуарлар бір сыныптан екінші сыныпқа жылжытылмайды, бұл **оқу уақытын айтарлықтай ұтуға** мүмкіндік береді және жылжытуға байланысты **зақымдану қаупін** азайтады.
- Планшеттерді бір бөлмеде үнемі сақтау жүйені (жауапты қызметкерлерді қоса) құруға мүмкіндік береді, оны планшеттер әрқашан қуатталатын және пайдалануға дайын болатындай етіп оңай ұйымдастыруға болады.
- Планшеттерді құлыптаулы және қорғалатын бөлмеде үнемі сақтау олардың **сақтылығын** қамтамасыз етуі мүмкін.
- **Тиісті интернет қосылымымен** жабдықталған арнайы цифрлық тіл кабинетін құру (барлық сыныптарға қарағанда мектептің бір жерінде баптау оңайырақ) оқушыларға Akelius тілдік курстарын онлайн режимінде пайдалануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде әрқашан қолайлы нұсқа болып табылады.
- Планшеттерді интернетке қосылуға болатын жерде үнемі сақтау оларға одан әрі қызмет көрсетуді жеңілдетеді – қолданба мен мазмұнды жаңарту және т.б

Тиімді цифрлық тіл кабинетін құру үшін мынадай **шарттар** (алдын ала талаптар) қажет:

- Ол кем дегенде 20 – 25 оқушыға есептелуі керек және тиісті парталар мен орындықтармен жабдықталуы керек.
- Планшеттердің оңай қуатталуын қамтамасыз ету үшін оның кем дегенде бір немесе мүмкіндігінше бірнеше электр айыры болуы керек (кейбір елдерде қуаттау станциялары мен планшеттерді қорғау үшін ток/кернеу тұрақтандырғыштары қажет болады).
- Ең дұрысы, ол Akelius қолданбасын және оның мазмұнын онлайн-пайдалануды және қарапайым техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін дұрыс интернет қосылымына ие болуы керек. Планшеттер класс серверінің опцияларымен офлайн-режимде пайдаланылған кезде, бұл кабинет маршрутизаторлар мен жергілікті желіні баптау үшін тамаша орын болып табылады.
- Akelius қолданбасының қалай қолданылатынына байланысты цифрлық тіл кабинетінің проектормен және экранмен жабдықталуы пайдалы немесе қажет болуы мүмкін.
- Ол құлыптаулы және мектептің сыртқы қауіп-қатерге ұшырамайтын аймағында орналасуы керек. Бөлменің терезелеріне қорғаныс торларын орнату қажет болуы мүмкін.
- Цифрлық тіл кабинетін бірнеше шет тілі мұғалімдері пайдаланатынына қарамастан, кем дегенде бір мектеп қызметкері (мүмкін қатысушы мұғалімдердің бірі) планшеттер мен олардың керек-жарақтарының (гарнитуралар, қуаттау станциялары) қауіпсіздігі мен техникалық қызмет көрсетуіне жауап беруі керек. Тіл кабинетін және оның кілттерін, сондай-ақ планшеттерді басқару үшін есеп беру жүйесін құру қажет болады.

- Кестелерді әзірлеу/қайта қарау кезінде сыныптың жартысымен (немесе жағдайға байланысты бүкіл сыныппен) тілдік сабақтарды ұйымдастыру және арнайы цифрлық тіл кабинетін пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажет.
- Мектептерде/оқу орталықтарында АТ кабинеті/зертханасы болған жағдайда, сол кабинетті АТ зертханасы ретінде де, тіл кабинеті ретінде де пайдалануға болады.

2. Мектепте қосымша оқу бөлмелері жоқ: планшеттерді бір жабық сақтау орнынан сыныпқа (сыныптарға) жылжыту).

Мектепте арнайы цифрлық кабинет ретінде пайдалануға болатын бос бөлме жоқ. Мектептер планшеттер мен керек-жарақтарды қауіпсіз сақтауға және қуаттауға болатын орынды таңдауы керек. Мұғалімдер (немесе басқа мектеп қызметкерлері) Akelius тілдік курстары кезінде планшеттер мен гарнитураларды жабық қоймадан сыныптарға жылжытуға және оларды қауіпсіз қоймаға қайтаруға жауапты болады.

- Бұл схема (кейде) оқу уақытын сөзсіз қысқартатын ауыр және уақытты қажет ететін логистикалық процестерді білдіреді, бірақ бұл әлі де Akelius жобасына қатысатын елдерде жиі кездесетін жағдай.
- Осы логистикалық процестерге кететін уақытты қысқарту үшін бірнеше кеңестер берілген:
 - Мұғалімдерге планшеттерді сақтау орнына тасымалдау, беру және қайтару үшін таңдалған оқушылардың (және/немесе басқа қызметкерлердің) көмегі қажет болуы мүмкін.
 - Мүмкін болса, планшеттерді қуаттау станцияларында сақтаңыз (түпнұсқа пакеттерде емес), алегерқуаттау станциясының құрамында сәмке болса (мысалы, Мавританияның қуаттау чемодандары), планшеттерді осы сәмкелерде тасымалдаңыз.
 - Мұғалімдерге планшеттерді брондауға және уақытша алуға мүмкіндік беретін қағаз кестесі/тіркеу журналы сияқты нақты хаттама бар екеніне көз жеткізіңіз. Бұл журналда мұғалімдер өз аттарын және белгілі бір күнде/уақытта қолданатын планшеттердің санын жаза алады.
- Қауіпсіздік шаралары: кейбір жағдайларда қойма терезелерін темір торлармен қорғап, есікті қосымша құлыптармен жабдықтау қажет болады. Кем дегенде, сақтау бөлмесінде планшеттер мен аксессуарлар құлыпталған шкафта сақталуы керек.
- Бұл схема сонымен қатар қойма бөлмесін және оның кілттерін, сондай-ақ планшеттерді басқару үшін есеп беру жүйесін (тізімдемелер, тіркеу парақтары және т.б.) конфигурациялауды қажет етеді.








ЮНИСЕФ Қазақстан

Мекенжайы:

-  Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
10 Бейбітшілік к-сі, 1 блогі
-  +7 (7172) 32-29-69, 32-28-78
-  nur-sultan@unicef.org

Бізге жазылыңыздар:

-  [UNICEFKazakhstan](https://www.facebook.com/UNICEFKazakhstan)
-  [@unicefkaz](https://twitter.com/unicefkaz)
-  [@unicefkazakhstan](https://www.instagram.com/unicefkazakhstan)
-  [@unicefkazakhstan](https://www.tiktok.com/@unicefkazakhstan)
-  <https://www.unicef.org/kazakhstan/>